



ОЙ-КӨКПАР

Заңды тұлғаларға қатысты қылмыстық жауапкершілік институтын енгізу қажет пе?

«Басы 1-бетте»



Мақсұт НӘРІКБАЕВ,
«Әділет» партиясының төрағасы

«Солай болса, фирманың келтірген миллиардтаған шығыны өтелмей жатады. Сондықтан да бұл жерде заңды тұлғаның қылмыстық жауапкершілігі туралы әңгіме негізінен оларға қатысты жасалатын санкциялар, айыппұлдар турасында болып отыр. Сол себепті заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігі туралы институтты енгізе отырып, фирмалардың, корпорациялардың міндеттемелерін жеткілікті деңгейде қамтыған орынды. Ал оны заң аясында фирмалардың жарғылық қоры мөлшерін арттыру жолымен жүзеге асыруға болады. Бұл, ең алдымен, жапа шегушіге келтірілген шығынның ішінара өтелуіне де септігін тигізеді. Осыған орай жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін ең төменгі жарғылық қорлары-

ның мөлшерін арттырған ләзім. Бұл әділ шешім болмақ. Өйткені заңды тұлғаларға ең алдымен мүлктік мәселелеріне байланысты жазалау шаралары қарастырылады. Сонымен қатар заңды тұлғаларға қылмыстық жауапкершілік қарастырылған шетелдерде осындай істердің басым бөлігінде айыппұл төлеу, мүлкін тәркілеу түріндегі жазалар тағайындалады. Ал оларды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату жүзеге асады. Осылайша экономикалық қылмыспен күресудің тиімділігі арта түседі. Бұдан бөлек, 2008 жылы Қазақстан БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын қабылдағаны белгілі. Бұл құжат та заңды тұлғаларға қылмыстық жауапкершілік институтын енгізуді қарастырады.

«Сонымен қатар қылмысқа баратын жеке тұлғаларға жоламай, тұтас заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартудың бірқатар теріс қырлары да баршылық. Мәселен, бизнес қауымдастығы тергеу органдарының нақты жеке тұлғаның кінәсін бұлтартпай дәлелдеп жатудың орнына заңды тұлғаға бірден «күйе» жағып, қылмысқа тұтастай тартудың оңай жолын қалыптастырып алудан қорқады. Бұл «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деген жеңіл-желпі мәселе болмауы шарт. Заңды тұлғаларға қылмыстық жауапкершілікті көздейтін қадам соған келіңкірейді.

Екіншіден, біздің жағдайымызда заңды тұлғаларға қылмыстық жауапкершілік институтын енгізудің салдары қандай болатындығы әлі де терең зерделенген жоқ. Төтенше «жаңалықтың» бизнес климатқа, іскерлік белсенділікке, шағын және орта



Арман ЕВНИЕВ, «Атамекен одағы» ұлттық экономикалық палата төрағасының орынбасары

кәсіпкерлікке тигізетін әсерімен санаспақ игі. Өйткені қылмыстық жауапкершілікті арттыру, айыппұлды өсіру бизнестегі жағдайды еш жақсартпайды. Сондықтан да шағын және орта бизнеске қатысты әрбір құралды тиісті мөлшерде, қажетті кезеңде, керекті орында ғана жүргізген ләзім. Қазіргі күні ұзақ жылдар бойы жүзеге асқан реформаның нәтижесінде елімізде жағымды бизнес ахуалы қалыптасып отыр. Оның белгісі ретінде Ресейден соңғы жылдары 400-ден астам кәсіпорынның Қазақстанға келіп тіркелгенін айтуға болады. Яғни Қазақстанның бизнеске жасап отырғаны басқаларға қарағанда оңды. Ал ендігі күні заңды тұлғаларға қылмыстық жауапкершілікті енгізіп, осы бағыттағы мәселені қиындатып алмаймыз ба деген күдік те басым.

Дайындаған Қанат ҚАЗЫ

ТҮЙІН

Расымен, заңды тұлғаларға қылмыстық жауапкершілік институтын енгізу мәселесі төтенше даулы әрі күрделі дүние екендігі анық. Бұл туралы сөз қозғалғанда бірін-бірі жоққа шығаратын қарсы пікірлердің көбірек орын алуы да осыны аңғартса керек. Мәселен, заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігіне қарсы топ заңсыз қызметі үшін корпорациялардың материалдық жауапкершілігін азаматтық хәм әкімшілік құқықтар шеңберінде де жүзеге асыруға болатынын алға тартса, қылмыстық жауапкершілікті қолдайтын топ азаматтық-құқықтық және әкімшілік шаралардың тиімсіздігін бұған қарсы қояды. Сондай-ақ алдыңғылар заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігі кінәлінің жеке басының жауапкершілігіне қатысты қағидатқа қайшы келетінін айтса, соңғылары бұл жерде жеке тұлғаның жауапкершілігі жоққа шығарылмайтынын, сондықтан жеке басты кінәлілердің жауапкершілік қағидаты қоса сақталатынын алға тартады. Мұндай мысалдар жеткілікті. Дегенмен пікірталастың жан-жақты өрбуі дұрыс қадамды екшеуге септігін тигізетіні айқын. Сондықтан да заман ағымына қарай – заңды, заң арқылы қоғам дамуын жетілдіру маңызды.

АЛҚА

Бүгін Астанада Ислам экономикалық форумы ашылады

Бүгін, маусымның 7-сі күні Астанадағы Тәуелсіздік сарайында VII Дүниежүзілік Ислам экономикалық форумының жұмысы басталады. Биылғы форум «Ғаламдық экономикалық даму: қарым-қатынас, бәсекелестік, ынтымақтастық» тақырыбына арналып отыр.

ТМД және Орталық Азия аумағында алғаш рет өткізіліп отырған форум аясында ислам банкінің, қаржылық инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта бизнесті, балама энергия көздерін, «халал» индустриясын дамыту және тағы басқа өзекті мәселелерді арнайы сессияларда талқылау жоспарланып отыр. Ол үшін Астанаға шетел мемлекеттерінен шамамен екі мыңға жуық бизнес өкілдері, әлемдік

форумының қор төрағасы Тун Муса Хитам атап көрсеткендей, осы жолы форумды қазақ жерінде өткізу ұсынысын ұйымдастыру комитеті бірауыздан қолдады. «Мен өткен жылы 22 наурыз күні Алматы қаласында болған кезде қазақ халқының ұлттық мейрамы – Наурыз мерекесін бірге атап өткен едім. Сонда осы елдің бай мәдениетімен, салтымен жақын танысуға мүмкіндік болды. Сондықтан мен өзім VII



Мансұр ХАМИТ (фото)

деңгейдегі экономистер мен қаржыгерлер келеді. Сарапшылардың айтуынша, VII Дүниежүзілік Ислам экономикалық форумы Қазақстан үшін отандық экономиканың әлеуеті мен республиканың инвестициялық ахуалын көрсетудің, жаңа байланыстар орнату мен елімізге қосымша шетелдік инвестицияларды тартудың бірегей мүмкіндігін туғызып отыр. Қазақстан Таяу Шығыс, Африка және Азияның оңтүстік-шығыс елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыта алады. Форумда Қазақстан Республикасы үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі үкіметі арасында конвенция, Қазақстан Республикасы үкіметі мен Ислам даму банкі арасында өзара түсіністік меморандумы және басқа да бірқатар келісімдерге қол қойылады деп күтілуде.

Дүниежүзілік Ислам экономикалық

форумының Қазақстанда өткізіліп отырғанына аса қуаныштымын. Біз Дүниежүзілік Ислам экономикалық форумы арқылы тек ислам елдері арасында ғана емес, жалпы барлық мемлекеттермен ынтымақтастық байланыстарды нығайтып, осы қарым-қатынасты ұлттық деңгейден жаһандық дәрежеге дейін көтеруді көздейміз», – деп атап көрсетті Тун Муса Хитам.

Сондай-ақ форум жұмысы барысында инвестициялық жобалардың көрмесі ашылады. Онда туризм, ауыл шаруашылығы, металлургия, химиялық өнеркәсіп, ағаш өңдеу және тағы басқа экономика салалары бойынша 120-дан астам жобаны таныстыру жоспарланып отыр. «Ал форум аясында өтетін өнер көрмесі арқылы біз рухани жағынан өзара жақындасуға жол ашпақпыз», – дейді Тун Муса Хитам.

● АЛАШ АНЫҚТАМАСЫ ●

Дүниежүзілік Ислам экономикалық форумы – коммерциялық емес ұйым, оның бас кеңсесі Малайзияның Куала-Лумпур қаласында орналасқан. Форумның негізгі мақсаты – мұсылман әлемінде бизнестің мүмкіндіктерін барынша ашу, сондай-ақ мұсылман және мұсылман емес елдер арасында тығыз экономикалық байланыстар орнату.

Бизнесті жүргізуді оңтайландыру оңайға соқпай жатыр